

Тарбағатай ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 1 қарашадағы № 19/4-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 24382 болып тіркелген) сәйкес, Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тарбағатай ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосыншасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай аудандық мәслихатының төрағасы

O. Канагатов

Тарбағатай аудандық мәслихатының

2024 жылғы 1 қарашадағы

№ 19/4-VIII шешіміне

қосынша

Тарбағатай ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

№	Атауы	Есептік бірлік	Тенге (қосылған күн салығынсыз)
1	Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айна	289
2	Жайлы емес үйлер		267
3	Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м ³	2064